

## СТУДЕНТТЕРДІ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДА ХАЛЫҚТАҚ ПЕДАГОГИКАНЫ ПАЙДАЛАНУ

*Есекешова М.Д., Бозшолақова А.У.,  
С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Қазақстан*

**Annotation.** In article it is discussed directions of pedagogic and vocational training of the future experts, development of professional thinking, ability to live and work in modern life and achievements of the purposes by means of national pedagogic.

**Аннотация.** В статье обсуждаются направления педагогики и профессиональное обучение будущих специалистов, формирование профессионального мышления, умений жить и работать в современной жизни, применения традиции народной педагогики.

XXI ғасырда білім мен ғылым саласында болып жатқан өзгерістер болашақ мамандар даярлауда жоғары мектептің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осыған орай, бүгінгі әлеуметтік білім беру кеңістігіне сай бейімдеп білім алу, жалпы ғаламдық танымды, ойлауды дамыту, өзінше ғылыми тұжырым жасауға, олардың қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, студенттің өзінің іс әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу – көкейкесті мәселе. Өйткені, тек жоғары білімді маман ғана қофам мен экономиканың, әлеуметтік және мәдени өркендеудің көшбасшысы бола алады.

Қазақстан Республикасы Президентінің әр жылдардағы Жолдауларының арасында өте тығыз байланыс бар. 2004 жылғы Жолдауында: «Ұлттымыздың бәсекеге қабілеттілігі тікелей оның білім беру деңгейімен анықталады», – десе, 2009 жылғы Жолдауында бұл ойлары әрі қарай жалғасын тауып жатыр: «Білім деңгейін жетілдіріп, дамытпаған ел XXI ғасырда жоқ болып кетуі ықтимал». 2010 жылғы Жолдауында Мемлекет басшысы: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі», – деп қадап айтса, 2010, 2011 жылдардағы Жолдауында бұл ойлары әрі қарай жалғасын тауып жатыр: «Білім беру реформасының ойдағыдан жүргізілуінің басты өлшемі – тиісті білім мен іскерлік алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез-келген елінде қажетке жарайтын маман болатындау деңгейге көтерілуі» – деп атап көрсетті.

Жоғары білім – маманға білім, іскерлік және дағды ғана беріп қоймайды, ол жеке тұлғаны қалыптастырады.

Заман талабы өзгерген сайын жоғары оқу орындарына қофам тарапынан қойылатын талап та өзгерді.

Еліміздегі жоғары білімді дамыту стратегиясы Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидаларына, Білім туралы заңға, ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа арнаған «Қазақстан–2030» жолдауына негізделеді. Бұл құжаттарға сәйкес Қазақстан Республикасындағы жоғары білім мемлекеттің ұзак мерзімдік бағдарламасы арқасында ерекше орын алады.

Бүгінгі таңдағы жоғары білімнің мақсатына жаңаша түсінікпен қарасақ, оны дамыту-дың басты стратегиялық бағдары - өмірге жауапкершілікпен қарайтын, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, шығармашылық ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеттілігі биік, гуманистік ойлауы басым, кәсіби ілімімен қаруланған, адамгершілік қасиеттері мол білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру болып табылады.

Жоғары мектептің маңызды міндеттерінің бірі – кәсіби мамандарды дайындаудағы фундаментальды ғылымның орны мен рөлін жоғарылатудан келіп шығатын білім беруді ізгілендіру. Осыған байланысты дайындықты менгеріп шықкан жоғары мектеп түлегі заманауи ақпараттар ағымын жылдам игеріп, өз іс-әрекетін дұрыс жолға қояды, яғни дұрыс пайдалана алады.

Біздің зерттеу бағыттымызға байланысты жоғары мектептің негізгі бағыттарының маңыздысы арнағы жоғары кәсіби білім беру, сондықтан кәсіби білім беру болашақ дene мәдениеті мамандарын даярлау жүйесінің дамуына өз үлесін қоса алатын бірден-бір фактор болып табылады. Ғылым мен техниканың, технологиялардың өркендердеп дамуы болашақ маман-

дарда кәсіби технологиялық білім мен іскерліктердің дамуына баса назар аударады. Болашақ мамандардың бойында ұйымдастырушылық қызметі, өз бетінше шешім қабылдауға дағылданыру, берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындау, қызмет орнында, ұжымда адамгершілік, психологиялық ахуалды ұстап тұру қабілеттерін қалыптастыру ең маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Жоғары оқу орнының басты мақсаты- алдыңғы қатарлы жастар тәрбиелеу, адамзаттың мәдени және өнегелілік деңгейі мен оның ой-өрісін арттыру, жоғары білімді маман иелерін даярлау. Білім саясатының өзекті мәселелері – кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, білім мен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбекейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, педагогикалық ғылымдарды ұйымдастыруды қайта құру, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру.

Мамандар даярлау жүйесінде білім берудің сапасын қамтамасыз етуде жоғары білімді дамытудың негізгі жолы мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыру болса, қазіргі кезде жоғары оқу орындарында кәсіби білікті мамандар даярлаудың жаңа тәсілдері ұсынылып, жаңа талапқа сай мамандар даярлаудың үлгісі жүзеге асырылатын болады.

Жоғары кәсіби білім беру және оның қоғамдық құрамдас бөлігі – халықтық педагогика студенттердің жеке приоритетті қабілеттерін жетілдіруге, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі білім беру қызметтерін дамытуға, оларды азamat, интеллегент маман ретінде қалыптастыруға бағытталған біздің мемлекетіміздің занды құжаттарымен нақтыланып, рәсімделген.

Болашақ маманды даярлау, кәсіби даярлау үдерісі, кәсіптік білім беру теориясы мен әдістемесі туралы ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады. Олар: Б. Әбдікаримов, Г.Ж. Мелдібекова, О.С. Сыздық, М.С. Молдабекова, А.А. Саипов, Л. Шаутина, Б.Т. Кенжебеков, Ш.Т. Таубаева, А.А. Жолдасбеков, С. Маусымбаев, А.Б. Абибуллаева, А.А. Жарасбеков, С.М. Кенесбаев, Ж.Ж. Жанабаев, К.М. Беркимбаев. Бұл ғалымдардың докторлық диссертация корғау үшін даярлаған зерттеу жұмыстары болашақ әртүрлі маман иелерін кәсіби даярлау мәселесіне арналған.

Қазіргі күні Қазақстан Республикасында болашақ мамандардың кәсіби даярлығын қалыптастыруды халықтық педагогика идеяларын пайдалану (Қ.Б. Жарықбаев, Ә. Табылдиев, Қ.Б. Бөлеев, Ш.И. Жанұзақова, Ж.Т. Төлегенов, Т.Ш. Қуанышев және т.б.), мұғалімнің кәсіби-әдістемелік даярлығын қалыптастыруды (О. Аяшев, Ә. Бүркітбаев, Ж. Оңалбек, С.А. Жолдасбекова, Е. Сағындықов, Т.Ж. Бекбатчаев), ғылыми-педагогикалық жағынан негіздеу туралы бірқатар ғылыми еңбектер орындалған.

Халықтық педагогика – қоғамның рухани, мәдени және адамгершілік қарым-қатынастарындағы ең қымбат казына дейтін болсақ, болашақ мамандарға ұлттымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін үйрету, оны оқушы ойына ұялату арқылы ізгілікке, адамгершілікке, ұлтжандылыққа, өз салт-дәстүрін құрмет тұтуға баулу – ұстаздардың басты мәселесі. Сонымен қатар халықтық педагогика халық арасындағы тәрбиенің мақсаты мен міндетін халық арасында үstem болған көзқарастардан, тәрбие мен оқытудың халықтық құралдары мен іскерлік, дағдыларының жиынтығынан көрінетін эмпириялық педагогикалық білімдер мен халық бұқарасы тәжірибесінің алаңы. Халықтық педагогикалық зерттеудің көзі педагогика мазмұнды және сол бағыттағы ауыз әдебиеті, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие материалдары, ойыншықтар, халықтық және жастар мерекелері, отбасылық тәрбие тәжірибесі т.б.

Бүгін де өзгелермен тереземіз теңесіп, өркениетті елдер қатарынан көрініп келе жатқан біз үшін ұлттық дәстүрімізді терең менгеріп, ұлттық болмысымызды сақтап қалу өте қажет деп білемін. Сондықтан еліміздің болашағын тәрбиелеп, білім нәрімен сузындуату үшін халықтық педагогиканы пайдалану болашақ кәсіби мамандардың ең басты міндеті. Қазақ халық педагогикасында болашақ мамандарды дәстүрлі еңбекке үздіксіз тәрбиелеуді дамытудың тұжырымдамасына қазақтың халықтық тәрбие дәстүріндегі еңбек тәрбиесінің бай мұрасы және өркениетті елдердің озық тәжірибесі алынды, жүртшылық пікірі ескерілді.

Ұлттық мәдениеттің тегі сол ұлттың ұлт болып қалыптаспай түрған кезінен бастап—ақ жеке ұлыстардың ұрпағын тәрбиелеуден туындағаны белгілі. Балалардың жан-жақты дамуы үшін, әсіресе сұлулық пен сымбаттылыққа қанық болулары үшін оқу – тәрбие үрдісінде халықтық педагогиканы қолдану өте маңызды. Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың өмірінде зор роль аткарады. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең жоғары рухани ләзаттануға мүмкіндік береді. Біз әр адамның адамгершілікті тұлғалық мәнін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр баланың сезімін нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйенетіндей етіп дамытуымыз керек. Адамның әсемдікті және жексүріндықты, сәулеттілік және ождансыздықты, қуаныш пен қайғыны т.б. түсініне байланысты, оның саналы тәртібі мен міnez – құлқы айқындалады. Осыдан келіп адамның әсемділікке шынайы көзқарасы мен мұраттары болуы керек екендігі шығады. Оқушылардың жалпы мәдениеті, яғни эстетикалық тәрбиенің маңызды жақтары ізеттілік, ұқыптылық, жылы шырайлылық, қайрымдылық, тазалықты сақтау т.б.

Бұғінгі қазақ халқының мақсаты – қазіргі ғаламдану процесіндегі өзінің ұлттық мектебін халық педагогикасы дәстүрлерінде құру, ғылым-білім пәндерін бүкіл әлемдік стандартқа сәйкестендіру барысында тек қазақ тілі құнарында өркендету, дәстүрлі еңбек тәрбиесін дербестігіне кепілдік беру. Бұл бұғінгі мәдени-әлеуметтік ортадағы жеткіншектердің дәстүрлі еңбекке деген құндылық бағдарын қалыптастыруды, ата-бабалар тәжірибесін менгертуді міндет етеді. Адамды жақсы ететінде, жаман ететін де – тәрбие. Сондықтан, жеткіншек ұрпақтың өз халқының рухани азынасымен, ұлттық мәдениетімен, дәстүрімен неғұрлым тереңірек танысу қажеттігі бірінші орынға қойылып отыр. Себебі мұндай негіздерді білмей өз халқының ұлттық ерекшеліктерін сезінбей, басқа халықтың өзіне тән ерекшеліктерімен салыстырмай бағаламай, даму жолына тұсу мүмкін емес.

Ал, болашақ еңбек тәрбиесін ұйымдастыруши маманың тұлғалық бейнесін қалыптастыру шарттарын ұсынамыз:

– болашақ мамандығына қажетті азаматтық, еңбексүйгіштік, адамгершілік қасиеттірді жоғары бағалайтын және оны өз бойына қалыптастырумен бірге, қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық салаларындағы еңбек түрлерін менгерген, оларды шәкірттеріне дарыта білетін іскер де қабілетті, белсенді маман болуды көздеу;

– қазіргі нарықтық экономикаға байланысты кәсіпкерлік көрсетіп, қоғам сұраныстарын тез сезіне білетін, ұлттық ерекшелікті ұлықтай отырып дәстүрлі еңбек түрлеріне орай бәсекелік іс-әрекет жасай алатын, өз ісінің нәтижелі болуына сенімі мол жасампаз маман болуды көздеу.

Мұндай тұлға қоғамның саяси-экономикалық, әлеуметтік, рухани дамуының жаңа салынында жоғары мектептің мақсатты ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі процесіне өзгеріс ендируге ықпал жасайды.

Тәлімгердің осындағы тұлғасын қалыптастыруда төмендегі шараларды іске асыру ұсынлады:

1. Білім беру мен тәрбие жүйесінде жеткіншектерді дәстүрлі еңбекке тәрбиелеуде педагогикалық-психологиялық қызмет көрсете алатын арнайы тәрбиеші-маман даярлау.

2. Педагогикалық колледждерге, институттар мен университеттерге талапкерлерді қабылдауда басты талап – білім деңгейімен қатар, мұғалім мамандығына бейімділігін, әсіресе, дәстүрлі еңбекке қабілеттілігін, іскерлігін ескері. Бұл үшін арнайы педагогикалық-психологиялық диагностика, тестілер, сауалнамалар жүргізу қажет.

3. Студенттердің бос уақытын мазмұнды өткізуге материалдық жағдай туғызу; олардың бұл салада өзін-өзі басқарумен қатар дәстүрлі еңбек іс-әрекетіне педагогикалық бағыттың болуын қамтамасыз ету.

4. Қазіргі нарықтық экономика жағдайында болашақ мамандарды ауылшаруашылық еңбегіне қатыстыруда ең алдымен, аудиториядан тыс ғылыми-қоғамдық жұмыста, денешынықтыру, туризм, өлкетану, экспедиция, әр салалы клуб, отряд, қоғам, кооператив, ассоциация, өзін-өзі қызмет көрсете еңбегі, студенттік жәрменеке, студенттік фестиваль, Наурыз мерекесі, сәндік қолданбалы өнер сайысы, т.б. өздері қажет деген жұмыстарды ұйымдастыру.

5. Студент жастардың өз еріктерімен өздерін материалдық тұрғыдан қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық заңдылыққа сәйкес, саналы, мазмұнды іс-әрекеттеріне барынша мүмкіндік туғызу. Бұл әрекеттерді негізгі педагогикалық мамандықты менгеруіне және оқутәрбие процесіне қайшы келмейтіндей етіп ұйымдастырып сабактан бос уақыттарында жүргізілуін қарастыру. Студенттер аукционын («Шебер қолдар бұйымдары») ұйымдастыру.

6. Мұғалімдер даярлайтын орта арнаулы және жоғары оқу орындарында ұлттық тәлім-тәрбие негіздерін: «Қазақ этнопедагогикасы», «Қазақ халық педагогикасы», «Қазақ халық педагогикасындағы еңбек тәрбиесі», т.б. арнайы пән немесе курс ретінде оқыту.

7. Пединституттар мен университеттерде этнопедагогика және этнопсихология кафедраларын құру, этнопедагогика лабораторияларын ұйымдастыру.

8. Ұстаз қызметі тиімді болуы үшін оларды әдістемелік жағынан толық қамтамасыз ету, еңбек тәрбиесі жұмысына арналған оқу-әдістемелік, көрнекі, техникалық, компьютерлік құралдар, кино-теле хабарлар, т.б. дайындау.

9. Қазақ халық педагогикасының өзекті мәселелерін жарияладап отыратын «Қазақстан мектебі» журналының жаңынан жылына 4 рет шығып тұратын «Этнопедагогика» атты қо-сымшада дәстүрлі еңбек түрлерінің озық тәжірибесін ұздіксіз жарияладап отыру.

10. Әр ауданда халық педагогикасын насиҳаттаудың бір-екі тірек мектептерін ұйымдастыру. Оларда сынып жетекшілері мен бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы семинар-кеңестерін, үлгілі тәрбие сағаттарын, сондай-ақ ұлттық салт-дәстүрлерді насиҳаттайтын мектепаралық байқаулар («Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны»), қолөнер сайысын («Шебер қолдар», т.б.) ұйымдастырып еткізіп отыру.

11. Оқу-тәрбие процесінде айтарлықтай нәтижелерге қолы жеткен, әсіресе халықтық еңбек тәрбиесі дәстүрін еркін менгеріп, сабак жүйесі мен тәрбие ісінде шебер қолдана білеттін іскер тәрбиеші-ұстаздардың тәжірибелерін жинақтап, аудан, облыс, республика қолемінде кен тарату; осы мақсатта ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинар-кеңестер еткізіп отыруды дәстүрге айналдыру; озық тәрбиешілердің іс-тәжірибелерінен арнайы әдістемелік көмекші құралдар, оқулықтар, тәрбиесін ұйымдастыруда жақсы нәтижеге қолы жеткен жеке ұстаздар мен ұжымдарға наградалар, атақтар, бағалы сыйлықтар белгілеу.

Қазақ халқының еңбек тәрбиесі дәстүрлерін ұздіксіз білім беру жүйесінде пайдалану тұжырымдамасына қазақтық халықтық педагогикасындағы дәстүрлі еңбек түрлерінің бай мұрасы және өркениетті елдердің озық тәжірибесі алынды, жүртшылық пікірі ескерілді.

Қазақстанда халықтық педагогикалық ойларды бүгінгі тәрбие мен білім беру барысында жүзеге асыруға бағытталған біршама тәжірибе жинақталған.

Қорыта келгенде, халықтық педагогиканы пайдалану болашақ кәсіби маманды – әсемдікті өмірден, адамдар қылықтарынан, еңбек іс-әрекетінен, еңбек нәтижесінен көруді және ләззат алушы үйретіп қана қоймайды, құнделікті өмірде осы әсемдікті жасау ынтасы мен іс-керлігін тәрбиелейді. Сонымен халықтық педагогика болашақ кәсіби маманды табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі ең жақсыны қабылдау, одан ләззат алуға даярлайды. Халықтық педагогика болашақ кәсіби маманда дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді, өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасы жаңа формация педагогының ұздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы, 2005.

2 Бөлеев Қ., Бөлеева Л.Қ. Мұғалім және ұлттық тәрбие. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2000.

3 Халық педагогикасы – бала тәрбиесінде //Дайындағандар Қ. Бөлеев, А. Мейірманова, Р. Садуакасова. – Жамбыл, 1992. – 81 б.

4 Бөлеев Қ., Бөлеев Т. Қазақ этнопедагогикасының тарихы //Қазақстан мектебі.– 1996. – №2.